



**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет
«Агробиология» факультеті
«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы**

«Өсімдік шаруашылығы» пәнінен дәріс сабағы
Дәріс №2

Тақырыбы: Тұқымтану. Тұқымтанудың мақсаты мен міндеттері.
Тұқымның сапасын анықтау жолдары.

А.ш.ғ.к қауым.профессор Досжанова Айнур Серикбайқызы

Алматы, 2025

2-дәріс

- **Тақырыбы: Тұқымтану. Тұқымтанудың мақсаты мен міндеттері. Тұқымның сапасын анықтау жолдары.**

- **Мақсаты:** Студенттерді сапалы тұқымдық материалдардың ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырудағы орнымен таныстыру.

- **Дәріс міндеті:**

1.Тұқымның сапа көрсеткіштері

2.Тұқымның лабораториялық және егістік өнгіштіктері.Олардың шаруашылықтық маңызы

3.Егістік өнгіштікті арттыру шаралары

- **Түйінді сөздер:**тұқым сапасы, сорт,тұқым шаруашылығы,бейімделу,технология

Жоспары:

- 1.Тұқымтану мақсаты және сапасына қойылатын талаптар.
- 2.Тұқымтану ғылымының дамуы және ҚР тұқым бақылау инспекциясын ұйымдастыру.
- 3.Егістік өнгіштік және жоғарылату жолдары.

Тұқым өсімдіктің өніп өсу органы ғана емес, ол болашақтың өнім негізі. Әр гектардан алынатын өнімнің мөлшері мен сапасы тұқымға тікелей байланысты.

Өсімдік шаруашылығының ірілеуіне байланысты тұқымтану ғылымы дамып, оның жеке бір бөліміне айналды.

Өсімдік шаруашылығында тұқым деп егіске арналған тұқым материалдарын атайды. Тұқым үш сапа көрсеткіштерімен сипатталады.

1.Егістік тұқым қасиеттерінің жиынтығы, олардың себуге жарамдылығы дәрежесімен сипатталады.

2.Сорттық-сорттық тазалығы жөніндегі құжат талаптарына сай келуі.

3.Өнімділік –өндірістің нақтылы жағдайында белгілі көлемдегі өнім қалыптастыру мүмкіндігі.

● **Тұқымтану ғылымы**-тұқымның өніп өсуін және қоршаған ортаға қойылатын талаптарын, жоғары сапалы тұқым өсіру жолдарын және тұқымдық материалды себуге әзірлеуді қамтиды. Сонымен қатар, ол егістік материалдың сапасын және оны анықтау әдістерін қамтиды.

● Тұқымтанудың зерттеу құралы болып егістік материал жатады. Оның негізгі мақсаты-егістік материалдардың сапасын арттыру, оның зерттеу әдісі-егістік материалдардың сапасын арттыру, оның зерттеу әдісі-егістік материал жатады.

● Тұқым шаруашылығы-сорттық тұқымды көбейту шараларын, оларды тазалықта сақтау және тұқыммен фермерлік шаруашылықтарды қамтамасыз ету жолдарын қарастырады. Тұқым шаруашылығының жетістігі көптеген жағдайда тұқымдық материалдың сапасына, өсіру технологиясына және тұқымның орта факторларына қажеттілігіне байланысты.

Дүние жүзінде бірінші тұқым бақылау станциясы Германияда 1869 жылы ашылған. Ресейде тұқымды зерттеу 1864 жылы басталса, ал ресми -тұқым бақылау станциясын 1877 жылы Петерборда профессор Баталин А.Ф ашқан. 1881 жылы Фадеев А.А Москвадан тұқым стансасын ашты, кейін басқа қалаларда пайда болды.

- Қазіргі кезде тұқым талдаудың әрбір түріне мемлекеттік стандарт енгізілген. Тұқым сапасына жалпы одақтық стандарт алғаш рет 1931 жылы қабылданған және ол бидай мен сұлы тұқымдарына, ал 1935 жылдан бастап басқа дақылдарға таралған.

- Қазіргі кезде республиканың барлық облыстарында ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары және тәжірибе стансалары жұмыс істейді. Олар тұқымтану сұрақтарымен тікелей айналысады. Әрбір ауданда және облыстарда тұқым сапасын анықтауға бағытталған тұқым лабораториялары істейді.

- Егіншілік практикасының тұқымтану ғылымының алдына қойған талаптарының ішінде, тұқымның егістік өнгіштігін жоғарылатудың ғылыми негіздерін жасаудың маңызы зор.
- Егістік өнгіштік-егістік жағдайда анықталған тұқым өнгіштігі. Ол жер бетіне шыққан өсімдік көгінің себілген тұқымға қатынасы пайызбен көрсетілген. Бұл көрсеткіш лабораториялық көрсеткіштен төмен болады.
- Ғалымдар пікірінше, астық тұқымдас дақылдар мен көп жылдық шөптер өнімділігі бұдан да төмен 50-70%.

Астық дақылдарының тұқымдары




Бидай



Қарабидай



Арпа



Сұлы

Астық дақылдарының тұқымдары



Күріш



Жүгері



Тары





Қонақ жүгері

Егістік өңгіштік өсімдік жиілігіне сақталған өсімдіктер санына және өнімді түптілікке тікелей әсер етеді. Егістік өңгіштікке кешенді факторлар әсер етеді. Оларды 7 топқа бөлуге болады:

- 1. Аймақтың топырақ және климат жағдайы;
- 2. Топырақ қасиеттері;
- 3. Жеке жылдың метеорологиялық жағдайы;
- 4. Ауыл шаруашылығы дақылдарының биологиялық ерекшеліктері;
- 5. Аурулар мен зиянкестердің зияны;
- 6. Тұқым сапасы;
- 7. Агротехника деңгейі;

Егістік өңгіштікті арттыру үшін агротехника деңгейін жоғарылату және егіншілік мәдениетін бұлжытпай орындау керек.

Аурулар мен зиянкестердің зияны



Пысықтау сұрақтары:

- ✓ 1.Тұқымның сапа көрсеткіштері.
- ✓ 2.Тұқымтану ғылымының мақсаты мен міндеттері.
- ✓ 3.Алғашқы тұқым стандарты қай жылы белгіленген және қай дақылға берілген?
- ✓ 4.Егістік өнгіштік және оны жоғарылату жолдары.
- ✓ 5.Тұқым шаруашылығы және оның міндеттері.

Әдебиеттер:

- 1. Әубәкіров Т.Ә, Жұмағұлов Ж. «Өсімдік шаруашылығы және селекция» Алматы, 1988ж.
- 2. Жаңабаев Қ.Ш және т.б. «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» Алматы, 1994ж.
- 3. Әрінов Қ.Қ «Өсімдік шаруашылығы» Ақмола, 1996ж.
- 4. Әрінов Қ.Қ және т.б. «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау және стандарттау» Астана, 2001ж.
- 5. Жанұзақов М.М «Өсімдік шаруашылығы» Қызылорда, 2008ж.
- 6. Апушев А.Қ., Әрінов Қ.Қ және т.б. “ Өсімдік шаруашылығы” Алматы, 2011ж